

## Маңғыстау облысындағы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2021 жылғы 9 сәуірдегі № 80 қаулысы. Маңғыстау облысы Эділет департаментінде 2021 жылғы 12 сәуірде № 4477 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11245 болып тіркелген) бүйрығына сәйкес және Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін бекіту жөніндегі Комиссияның 2021 жылғы 16 наурыздағы ұсынымының негізінде Маңғыстау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана" әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағасы 90 (тоқсан) күнтізбелік күн мерзімге 453 теңге мөлшерінде бекітілсін.

2. "Маңғыстау облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы" мемлекеттік мекемесі (Ж.Тоқбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бүқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Б.Т.Орынбасаровқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облысының әкімі

С. Трумов